

Астана қаласының көшесіне атау беру туралы

Астана қаласы әкімдігінің 2012 жылғы 25 қаңтардағы № 80 қаулысы және Астана қаласы мәслихатының 2012 жылғы 25 қаңтардағы № 4/1-V шешімі. Астана қаласының Әділет департаментінде 2012 жылғы 13 ақпанда нормативтік құқықтық кесімдерді Мемлекеттік тіркеудің тізіліміне № 714 болып енгізілді

«Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы» Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Заңы 13-бабының 4) тармақшасына, сәйкес, Астана қаласы тұрғындарының пікірін ескере отырып, қалалық ономастика комиссиясының 2011 жылғы 30 қарашадағы № 19 шешімінің негізінде Астана қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТТІ** және Астана қаласының мәслихаты **ШЕШТІ**:

Ескерту. Кіріспеге өзгеріс енгізілді - Астана қаласы әкімдігінің 04.12.2014 № 110-2043 қаулысы және мәслихатының 11.12.2014 № 312/45-V (алғаш рет ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі) ш е ш і м і м е н .

1. Астана қаласы Есіл ауданының № 27 жобалау атауы бар көшеге Хусейн бен Т а л а л д ы ң е с і м і б е р і л с і н .

2. Осы Астана қаласы әкімдігінің қаулысы және мәслихатының шешімі алғаш ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Астана қаласының әкімі

И. Тасмағамбетов

*Астана қаласы мәслихаты
сессиясының төрағасы*

Н. Мещеряков

*А с т а н а қ а л а с ы
м ә с л и х а т ы н ы ң х а т ш ы с ы*

С. Есілов